







Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың әрекеті
<p><b>Мотивациялық-қозғаушылық</b> 1 мин</p> <p>4 мин</p>	<p>- Сәлеметсіңдер ме, достар! Күніміз сәтті болсын! Жаңа сабаққа кіріспе.</p> <p><b>1.«Қайтала»</b> ойынын өткізу, ойын шарты: балаларға қыс мезгіліне сай суреттер көрсетіп, бүгінгі сабақта меңгерілетін жаңа сөздермен таныстыру: <i>қар, шана, аққала</i>. Кәне, бірнеше рет қайталап, тілімізді жаттықтырайық.</p>	<p>-Сәлеметсіз бе! -Рахмет!</p> <p>Балалар суретке қарайды, мұғаліммен бірге жаңа сөздерді <i>қар, шана, аққала-деп</i> қайталайды.</p>
<p><b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b></p> <p>3 мин</p> <p>3 мин</p> <p>4 мин</p> <p>4 мин</p> <p>4 мин</p>	<p><b>2.«Дыбыстық жаттығу»</b> Балаларға буындар мен сөздерді қайталата отырып жаңа сөздерді есте сақтату. <i>қа-қа-қа-қар-қар-қар</i> <i>на-на-на-шана-шана-шана</i> <i>ла-ла-ла-аққала-аққала</i></p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Отырайық, тұрайық, Топ-топ, топ-топ басайық Отырайық, тұрайық Демалайық, демалайық.</p> <p><b>3. «Дұрыс көрсет»</b> дидактикалық ойынын ойнату. Шарты: балаларға: шана қайда? аққала қайда? қар қайда? - деп сұрақ қойғанда суре ішінен тез тауып көрсетіп беру керек.</p> <p><b>4. «Дұрыс ата»</b> дидактикалық ойыны Шарты: Балалардан әр суретті дұрыс атап, сөз тіркесін құрап айтып беруді ұсыну. Мұғалім «Мынау не?» деген сұрақ қойып, балаларға хормен <i>мынау-шана, мынау-қар, мынау-аққала</i>-деп графикалық сызба бойынша сөйлетеді, өзімен бірге қайталатады.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">   </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">   </div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">   </div> </div> <p><b>5. «Аудармашы» ойыны.</b> Мұғалім әр сөздің қазақша нұсқасын кезекпен айтып отырады.</p> <p style="text-align: right;">- қар -шана -аққала</p>	<p>Мұғаліммен бірге қа-қа-қа-қар-қар-қар, на-на-на-шана-шана-шана, ла-ла-ла-аққала-аққала-деп қайталап айтып, тілдерін жаттықтырады.</p> <p>Отырып, тұрады, топ-топ басады, оырады тұрады, тыныс шығарады.</p> <p>Шананың суретін көрсетіп-<i>шана-деп</i>, қардың суретін тауып <i>қар</i> – деп атап, көрсетіп отырады.</p> <p>Сызбаға қарап қайталайды.</p> <p>Балалар әр сөздің орысша нұсқасын естеріне түсіріп, айтып беруге тырысады. снег -санки -снеговик</p>
<p><b>Рефлексиялық түзетушілік</b> 2 мин</p>	<p>-Балалар, сабақ ұнады ма? -Бүгін қандай сөздер үйрендік? -Сау болыңдар!</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p>